

## **"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі № 191 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Қуанышұлы Жұмағалиевті мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілген "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамына сайлауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*